

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 56-58

«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ СТАНЦИЯСЫ» ЖШС ЖАҒДАЙЫНДА БІРЖЫЛДЫҚ МАЛ АЗЫҚТЫҚ ДАҚЫЛДАРДЫ ҚЫСҚЫ ЖАЙЫЛЫМ ЖАСАУҒА ӨСІРУ

*Асылбекұлы Ә., СтыбаевҒ. Ж.,
Хурметбек О.*

Қазіргі кезеңде Қазақстанның табиғи жайылымдары өнімділігі төмен және дақылдардың өнімді түрлері жойылған. Осыған орай жақсартуды талап етеді. Ол үшін жайылымдарды тиімді сонымен қатар жүйелі түрде пайдалануды ұйымдастыру қажет [1]. Осы жайылымдардың тағы бір ерекше түрі ол - қысқы жайылым, тебін - еліміздің табиғи жағдайында шаруашылықтың мал жайылымы жыл кезеңіне сәйкес маусымдық - көктемгі көктеу, жазғы жайлау, күзгі күздеу мен қысқы қыстау - жайылымдарына бөлінеді. Оларды мал жаюға жыл маусымына сәйкес пайдаланады. Қысқы жайылымға құм-шағылдар, қыраттардың күнге беттеріндегі ашық жерлері мен мал тебіндеп, яғни тұяғымен қарын тарпып, аша алатын жерлерді пайдаланады. Малды тебіндетіп жайғанда қар қабатының мұз болып қатып, мал тұяғын (тілерсегін) қимауын бақылайды [2].

Қысқы тебін – қораға жиып қойған шөппен тең. Сондықтан оны тиімді пайдалануды мейілінше қатты қадағалау қажет. Жақын өрісті үнемі сақтап, тебінді бет алды таптатпай, шетінен тәртіппен жегізіледі. Қыста күндізгі тебіннің бір бөлек, түнгі тебіннің бір бөлек, ықтасыны мол сайлы, бұталы жер болғаны жақсы [3].

Осыған орай мал шаруашылығы саласында ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін арттыру және жемшөп өндірісін дамыту, азып-тозған жайылымдық жерлерді қалпына келтіру және суландыру жөніндегі шараларды қабылдау тиіс. Шағын және орта фермаларды және отбасылық үлгідегі шаруашылықтарды құру бойынша жұмысты күшейту қажет. Малазықтық тары, судан шөбі, итқонақ, арпа, асбұршақ құнды мал азығы болғандықтан, Солтүстік Қазақстан облысы аймағында себу арқылы қысқы жайылымдардың өнімділігін арттыру жолдары зерттелуде.

Зерттеу объектісі- малазықтық тары, судан шөбі, итқонақ, арпа, асбұршақ, себу мөлшері: малазықтық тары 25 кг/га., судан шөбі 50 кг/га., итқонақ 20 кг/га., арпа+асбұршақ 170 кг/га. Себу мерзімі 15.07.2015ж. Дақылдар бойынша мөлдектер ауданы: малазықтық тары 3 га, судан шөбі 4 га, сұлы+асбұршақ 6 га, итқонақ 4 га. Жалпы тәжірибе ауданы 17 га.

2015 жылы келесідей топырақ – климат жағдайлары қалыптасты: сәуір айының бірінші онкүндігіне дейін ауа температурасы нөлден төмен болды, жайылымда қар сәуірдің ортасында толық еріді. Сәуірдің бірінші онкүндігі айтарлықтай құрғақ болды, ал екінші онкүндігінде жалпы мөлшері 36,6 мм ылғал түсті. Мамыр айы жылы әрі ылғалды болды. Орташа тәуліктік ауа температурасы 14,8 °С құрады, мамыр айында жалпы мөлшері 54,3 мм ылғал түсті. Жалпы мамыр айында 15 тәулік жаңбырлы болды. Мамыр айының соңында ауа температурасының жиынтығы 588°С құрады (норма 440°С). 2015 жылдың сәуір – мамыр айында қалыптасқан ауа температурасы, көпжылдық орташа көрсеткіштен 1°С жоғары болды, ал түскен ылғал мөлшері орташа көпжылдық көрсеткіштен 38,3 мм жоғары болды.

Маусым айының бірінші онкүндігінде 32 мм, екінші онкүндігінде 50 мм ылғал түсті. Ал үшінші онкүндігінде жаңбыр жауған жоқ. Маусым айында түскен ылғал мөлшері орташа көпжылдық көрсеткіштен 39 мм ылғал көп түсті. Маусым айындағы ауа температурасы орташа көпжылдық көрсеткіштен орташа 2,1°С жоғары болды. Маусым айындағы жиынтық температура 1209°С құрады. Маусым айындағы қалыптасқан климат жағдайы ауыл шаруашылық дақылдардың өсіп-дамуына барынша қолайлы болды.


Шілде айында ылғал мөлшері орташа көпжылдық көрсеткіштен 10% төмен болды, ал ауа температурасы орташа көпжылдық көрсеткіштен 3,6°С төмен болды. Бірақ жиынтық температура орташа көпжылдық көрсеткіштен 246 °С жоғары болды. 2015 жылдың тамыз айы ылғалды, әрі салқын болды, әсіресе тамыздың үшінші онкүндігінде ауа температурасы айтарлықтай төмен болды. Тамыз айында жалпы ылғал мөлшері 17,0 мм құрады, ал орташа айлық ауа температурасы 12,6°С құрады. Жалпы жиынтық температураның орташа көпжылдық көрсеткіштен 217°С жоғары болуы, ауыл шаруашылық дақылдардың өсіп-дамуына қолайлы әсер етті. 2015 жылдың жаз айларында 179,0 мм ылғал түсті, ал ауа температурасы орташа көпжылдық көрсеткіштен 0,1°С төмен болды. 2014-2015 жылы жалпы ылғал мөлшері 507,5 мм, ал орташа жылдық ауа температурасы 2,8°С құрады. 2015 жылы қалыптасқан климат жағдайлары негізгі ауыл шаруашылық дақылдардың өсіп-дамуына қолайлы болды. 2015 жылы қалыптасқан топырақ – климат жағдайында зерттелген мал азықтық дақылдардың вегетациялық даму мерзімі 2- кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Дақылдардың вегетациялық даму кезеңі

Дақыл	Дақылдардың вегетациялық даму кезеңі						
	Тұқымның өнуі	Егін көгі	Үш жапырақ	Түптену (бұтақтану)	Түтікке шығу	Масақтану	Гүлдену
Тары	19.07.15	22.07.15	27.07.15	06.08.15	17.08.15	25.08.15	
Судан шөбі	19.07.15	22.07.15	26.07.15	04.08.15	18.08.15	27.08.15	
Сұлы	19.07.15	22.07.15	27.07.15	04.08.15	18.08.15	27.08.15	

Асбұршақ	20.07.15	25.07.15	30.07.15				
Итқонақ	19.07.15	23.07.15	26.07.15	05.08.15	18.08.15	26.08.15	

Дақылдардың танаптық өнгіштігі: сұлы 68.7 %; асбұршақ 46.3 %; итқонақ 62.3 %; малазықтық тары 65.2 %; судан шөбі 67.3 %.



Сурет 1 - Дақылдардың сақталу көрсеткіштері

2015 жылғы зерртеу барысында алынған мәліметтерден келесідей қорытынды жасауға болады: зерттелген біржылдық малазықтық дақылдардың ішінде 2015 жылы қалыптасқан топырақ-климат жаңғдайында судан шөбінің танаптық өнгіштігі және сақталуы басқа зерттелген дақылдармен салыстырмалы түрде жоғары болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Mozhaev.N.I. Kurishbayev A.K. Serekraev N.A. Stybaev G.Z. Khurmetbek O.Effekt of deffekt methods of sod layer improvement on phytocenosis of southern chernozems in the steppe zone of Akmolinsk region. // Biosciences biotechnology research asia, December 2014. Vol. 11(3), 1309-1317.(ISSN 0973-1245) SJR (SCImago Journal Rank) :0.109

2. Ә.Байжұманұлы, К.Бекболатұлы . Мал шаруашылығы сөздігі. Алматы-2011.

3. Арғымақ ұлттық танымдық порталы. <http://argymaq.kz> 2011.